

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Арашова Н.Қ.

Основная цель статьи определение этнических состав Мангистауской области и пути улучшения ситуаций. А также использование на занятиях местные материалы, статические данные для повышения интереса студентов.

The main aim of this scientific article is to define the demogvaphic condition of Mangistau region and to considerez the way of imprvovement. Deso, using the tocal anol statistic materials tnczeases the interests of the students to tne suhiects.

Тарихи белгілері бойынша қалыптасқан яғни территориясы, тілі ортақ, шаруашылығы мен мәдениетінің тағы басқа бірліктері бойынша біріккен халық топтарын *этникалық бірлестік және этнос* деп атайды. Бұған тайпа, халық, ұлт жатады. Бұндай топтардың қалыптасуы еңбектерінің яғни еңбек құралдары мен бірігіп жұмыс істеу нәтижесінде пайда болады. Сондықтан әрбір этникалық топтардың белгісі оның территориясы тілі немесе диалектісі болып табылады. Бірақ олардың тіршілік ету территориясының аумағы мен тілдер дамуы деңгейі әрбір халық топтарында әр түрлі болып келеді. Этникалық бірлестіктің ең негізгі белгісі ол этникалық ой-сана болып табылады, яғни сол этностық белгілі бір халықтың тобына жататындығы туралы ойлау. Бұдан өзінің шығу тегі белгілі бір тайпа, руға жақындысы туған жеріне және өз тіліне байланысты құрметтеу, оны ойлау сезінуі жатады. Әрбір этностық бірліктердің әрбір категориясы бір-бірінен мәдениетінің деңгейі, саяси және экономикалық өмірінің даму дәрежесі және бір-бірімен жақындасуы біртұтас бірігуі жағынан айырмашылықтар жасайды.

Этникалық бірлестіктің жоғары сатысы ұлт болып есептеледі. Ұлттың қалыптасуына ортақ экономикалық қауымдастықтың пайда болуына әсер етті. Ал, бұл тек капитализмнің дамуы нәтижесінде іске асты. Сондықтан тарихи жағынан ұлттың қалыптасуы ірі капиталистік өндірістің пайда болуына сәйкес келеді. Экономикалық бірлестікпен және бірыңғай территориямен қатар әдеби тілдің дамуы да ұлт болып қалыптасуға үлкен әсер етті.

Елімізде жоспарлы шаруашылық жүргізілді, халықтар мен ұлттардың жаңа құрылымы достас топтар мен әлеуметтік топтарға сәйкестендірілді. Этникалық бірігудің екі түрі бар:

1. консолидация
2. ассимиляция

Консолидация дегеніміз бір-біріне жақын туыстас болып келетін этникалық топтар бірігу нәтижесінде одан біршама үлкен және дамыған этникалық топтың пайда болуын айтамыз. Мысалы, славян тайпаларынан орыс, белорус ұлттары қалыптасты. Грузин тайпалары: негрелдер, аджарлар, свандар және тағы басқа ұлыстардан грузин ұлты, ал түркмендер, салор, номут, текиндер, геклендер және тағы басқа этникалық топтардың консолидациясынан құрылды.


Ассимиляция дегеніміз әдетте дамыған және үлкен этникалық топтар II аз санды біреуін өзіне қосып алуы. Мұның нәтижесінде халық саны аз онша жоғары дамымаған этникалық топтар, жоғары дамыған халық саны көп белгілі бір топқа сіңіп кетеді. Кейіннен көп жылдар өте бұл этникалық топтың толық сіңіп кетуі де

болды. Сол этникалық топ басқа ұлттың тілін қабылдап, түбінде ол өз туған тіліне айналуы мүмкін. Біртіндеп оларда этникалық топқа жататындығы туралы ой мен сана сезімі біртіндеп барып жойылады, мысалы, тәжіктер янгоп, рушан және тағы басқа памир халықтарын өзіне қосып алды. КСРО тарихында мұндай құбылыстар кездескен. КСРО-ның алғашқы және соңғы халық санағы кезінде 50-ге жуық халық ассимиляцияға ұшыраған. (1)

«Жеті жұрт келіп-кеткен» Маңғыстауды тарихтың әр белгісінде сан түрлі халық-тайпалар мекендеген. Біздің дәуірімізге дейін дах (дай) - мсагет көшпелі тайпаларының орнын кейінгі ғасырларда бірінен соң бірі – аландар, пешенек-қаңлылар, оғыздар, түрікмендер, ноғайлар, қалмақтар, қазақтар басты. Түрікмендер XVIIIғ. ортасына дейін көпшілік болса, XXғ басында түгелдей дерлік басқа өлкелерге кетіп болды. 1991 жылдың ортасында облыс халқының 52%-і қазақ болса, бүгінгі таңда облыс халқының (2009 ж) 84,1%-і қазақтар.

Жалпы әлем бойынша қазақтардың саны 13 миллионға жетті. 8 жарым миллионы – Қазақстанда, 4 жарым миллиондай қазақ шетелде тұрады. Оның екі миллионы Қытайда, Өзбекстанда бір миллионға жуығы, Монғолияда жүз мыңға жуығы, Ресейде бір миллионға жуық, Түркияда он бес мыңдай және т.б. (2)

Әлеуметтік саяси тұрғыда халықтың этникалық (ұлттық) құрамы өте маңызды. Халықтың ұлттық құрамының әсері экономиканың да түрлі салаларында көрініс табады. Әрбір халық, өзі мекендеген ортаның табиғи жағдайына бейімделе отырып, өзіне тән ерекше өндірістік салт-дәстүр, тамақтану, киім кию, тұрғын орны, тұрмыстағы әдет-ғұрыптарға ие болады. Ұлттық ерекшеліктер әлеуметтік инфрақұрылымның медициналық мекемелер, мектептер, мәдени мекемелер сияқты элементтеріне деген сұранысқа әсер етеді. Халықтың жыныс-жастық құрамына, тұрмыс-салтына және қажеттіліктеріне зор ықпал ететін табиғи ұдайы өсімнің ұлттық дәстүрлері маңызды. Жалпы Республикамызда 130-дай ұлт өкілдері мекендесе, өлкемізде 30-ға тарта ұлттар тұрады. Олардың 84,1%-і қазақтар болса, басым көпшілігі орыстар (10,5%), азербайжандықтар (1,1%), украиндар (0,9%), лезгиндер (0,6%), татарлар (0,6%), армяндар (0,3%), чешендер(0,2%), корейлер (0,2%), белорустар (0,1%), және басқа ұлттар (1,3%), т.б.



Облысымызда 20 ұлттық-мәдени орталық бар. Олардың өз басшылары, ұйымдастырушылары бар. Негізінен өздерінің ұлттық мерекелерінде және облыстық деңгейде өткізіліп жатқан іс шараларға барынша атсалысады. (3) (1 кесте)

(1 кесте) Маңғыстау облысындағы ұлттық мәдени орталықтардың тізімі

№	Ұлттық мәдени орталықтардың атауы (ҰМО)	(ҰМО) құрылған уақыты	Адам саны	Аты-жөні, тегі.	Мекен жайы
1	Азербайджан ҰМО «Достлуг»	20.03.1992 ж.	250	Кулиев Юсуф Мурадович	14 шағын ауд үй № 1
2	Армян ҰМО «Ехпайрутюн»	12.09.1990 ж.	200	Хачатрян Манвел Жораевич	14 шағын ауд үй № 1
3	Башқұрт ҰМО «Салават»	17.10.1991 ж.	217	Байбулатова Манзиля Нурисламовна	14 шағын ауд үй № 1
4	Белорус ҰМО	08.10.1999 ж.	15	Ханчевский Федор Дмитриевич	14 шағын ауд үй № 1
5	Грек ҰМО «Филоксения»	20.05.1998 ж.	10	Попова Надежда Геннадиевна	14 шағын ауд үй № 1
6	Грузин ҰМО «Сакартвело»	15.05.1998 ж.	315	Сванидзе Гиви Суликович	14 шағын ауд үй № 1
7	Дағыстан ҰМО «Дагестан»	05.12.1997 ж.	500	Шахшаев Юсуп Абдурахманович	14 шағын ауд үй № 1
8	Еврей ҰМО «Шалом»	24.02.1995 ж.	200	Кержбаум Юрий Израилевич	14 шағын ауд үй № 1
9	Қарақалпақ ҰМО «Аллайр жолы»	02.06.1999 ж.	65	Сайтов Жолмурат Атагуллаевич	14 шағын ауд үй № 1
10	Қырғыз ҰМО «Ала-Тоо»	02.02.2000 ж.	75	Газизбеков Гурбанали	14 шағын ауд үй № 1
11	Корей ҰМО «Чэсэнь»	17.05.1990 ж.	690	Маденова Райса Ивановна	14 шағын ауд үй № 1
12	Лезгин ҰМО «Самур»	06.06.1991ж.	230	Селимов Гаджи Назаралиевич	14 шағын ауд үй № 1
13	Неміс ҰМО «Видергебург»	17.06.1990 ж.	70	Мартын Сергей Богданович	14 шағын ауд үй № 1
14	Осетин ҰМО «Алан»	08.10.1999 ж.	350	Биркле Фатима Михайловна	14 шағын ауд үй № 1
15	Орыс ҰМО «Русское землячество»	19.12.1995 ж.	1500	Лихоманова Зинаида Владимировна	14 шағын ауд үй № 1
16	Татар ҰМО «Булгар»	15.09.1990 ж.	15	Ямалетдинова Самига Мирхайдаровна	14 шағын ауд үй № 1

17	Түркімен ҰМО	10.02.1998 ж.	45	Ходжаев Гельдымурат Куттымуратович	14 шағын ауд үй № 1
18	Өзбек ҰМО «Пахтакор»	01.07.2001 ж.	450	Султанов Эргаш Ибрагимович	14 шағын ауд үй № 1
19	Украин ҰМО Т.Шевченко атындағы	17.10.1990 ж.	400	Лесниченко Татьяна Степановна	14 шағын ауд үй № 1
20	Чечен-Ингуш ҰМО «Вайнах»	17.10.1990 ж.	132	Лорсанов Магомед Умарович	4 шағын ауд 49 үй 9 пәтер

(2 кесте)

2009 жылдың 1 қаңтарындағы ұлттық құрамы бойынша халықтың санын бөлу

	Ақтау қал.әк	Жаңаөзен қал.әк	Бейнеу ауданы	Қарақия ауданы	Маңғыстау ауданы	Түпқараған ауданы
Барлық ұлттар	194589	83054	39989	27272	29445	16182
Қазақтар	138422	80701	39799	27158	29427	15908
Орыстар	37382	1231	28	7	1	156
Әзірбайжандар	3893	91	6	6	1	0
Украиндықтар	3304	88	3	0	0	13
Лезгиндер	2213	154	0	20	0	0
Татарлар	1911	174	12	28	0	39
Армяндар	1195	19	0	0	0	0
Шешендер	703	50	5	7	1	0
Кәрістер	625	75	7	0	1	4
Белорустар	440	1	7	0	0	0
Немістер	415	14	1	0	0	0
Басқа ұлттар	4086	456	121	46	14	59


Кестеде көрсетілген мәліметтер облыстық статистикалық басқармадан алынды. Осыған қоса оңтүстігіміздегі көршілес мемлекеттерден әлі де халықтар (өзбектер, қырғыздар, қарақалпақтар, түркмендер және т.б.) көшіп келуде. Олардың негізгі себебі өлкемізде жұмыс көзінің, табыс көзінің мол болуы, өндіріс және өнеркәсіп орындарының, жергілікті жерде шикізат қорларының көп болуы шет мемлекеттерді әлі де қызықтыруда. Сондықтан шетелдерден келген табыс көзін іздеушілерге облыс тарапынан белгілі бір дәрежеде, атап айтсақ әлеуметтік-экономикалық өмірімізді жақсартатындай талаптар қойылса құба-құп болар еді.

Көшіп келушілердің жалпы бөлігі Ақтау және Жаңаөзен қалалық әкімшіліктері мен Бейнеу ауданына көптеп орналасты. Көшіп келгендердің арасында басым үлесті қазақтар – 95,2%, орыстар – 2,4% алады. Облыстан тыс аймаққа көшіп кеткендердің арасында 54% - орыстар, 28% - қазақтар. (4)


Облыс әкімшілік жағынан екі қала және бес әкімшілік ауданға бөлінеді. Олар: Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Түпқараған, Мұнайлы аудандары және Ақтау, Жаңаөзен қалалары. Маңғыстау аумағындағы ең алғашқы және ең соңғы халық санағы жүрген 1897 – 2009 жылдардағы адам санының қозғалыс динамикасы төмендегідей (3–кестеде):

(3–кесте) 1897 – 2009 жылдар аралығындағы Маңғыстау облысы халқының көрсеткіштері

	Жылы	Халық саны (мың адам)
1.	1897 ж	63,5
2.	1917 ж	100
3.	1920 ж	128,4
4.	1926 ж	55,6
5.	1930 ж	38
6.	1939 ж	10
7.	1959 ж	25
8.	1960 ж	40
9.	1973 ж	199
10.	1977 ж	218
11.	1987 ж	327
12.	1990 ж	350
13.	1995 ж	340
14.	1996 ж	334
15.	1999	314,7
16.	2009 (сәуір)	430,4



Облысымыздағы демографиялық ахуал соңғы жылдары табиғи өсімнің және халықтың көші-қон ағынының ұлғаюына байланысты халық санының артуымен сипатталады. Облыс халқының саны 2009ж сәуір айындағы мәлімет бойынша 430,4 мың адамды құрады. Халықты қалалық және ауылдық деп бөлу тұрғылықты жері бойынша жүргізіледі, сонымен бірге қалалық (қалалар, кенттер) санатына заңнамада белгіленген тәртіппен жатқызылған елді мекендер қалалық мекендер болып есептеледі, ал қалған барлық елді мекендер ауылдық болып табылады. 430,4 мың адамның 246,2 мыңы (68%) – қалалықтар және 184,2 мыңы (32%) – ауыл тұрғындары. (5)




Жыл ішіндегі халық санының динамикасы табиғи өсім (туылғандар мен өлгендер арасындағы айырма) құралады. Туылулар мен өлімдер санының көрсеткіштері (абсолюттік және мың адамға шаққанда) халықтың табиғи қозғалысын сипаттаса, мигранттар саны (тұрғылықты орнын өзгерткен келушілер мен кетушілер) механикалық қозғалысты көрсетеді. Халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері жалпы алғанда инерциялық, яғни, жылдар бойынша тұрақты, себебі ол халықтың жыныстық және жастық құрылымы, экономикалық даму деңгейі, тұрмыс салты және әлеуметтік-мәдени сұранысы сияқты баяу өзгерген факторлармен анықталады.

Демографиялық үрдістердің негізгі ерекшелігі – халықтардың жалпы санының азаюы, өлім-жітімнің көбеюі, бала туудың кемуі, осының нәтижесінде табиғи өсімнің құлдырауы. **Табиғи өсім** жыл ішінде туғандар мен өлгендер санының аралығындағы айырмашылыққа тең. (4-кестеде) (6)

(4-кесте) Халықтың саны және табиғи қозғалысы (2005 - 2009.04)

Жылдар	Жылдың аяғындағы халық санағы (мың адам)	Туғандар саны	Өлгендер саны	Табиғи өсім
2005	374,4	10029	2759	7270
2006	390,5	10914	2832	8082
2007	407,2	12298	2839	9368
2008	425,6	13517	2920	10597
2009				
Қаңтар	427,0	1082	216	849
Ақпан	428,3	2277	451	1826
наурыз	429,1	2320	449	1871
Сәуір	430,4	2356	453	1903



Халық санының өсуіне әсер ететін жағдай еліміздің әлеуметтік -экономикалық жағдайы. Қазіргі таңда облысымыз жыл сайын дүниеге келген нәрестелермен, көшіп келген халықпен көбейіп отыр. Бұған себеп елбасымыздың 2005, 2006, 2007, 2008 жылдардағы халыққа арналған жолдаудағы ана мен бала мәселесіне көп көңіл бөліп, бір жолғы төленетін жәрдемақының жылдан-жылға өсуі, тұрғын үй мәселесінің шешілуі, денсаулық саласындағы жақсартулар және т.б. (7)

Ұлттық қауіпсіздіктерді сақтап қалу және экономикамызды жаңа еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін, елбасымыз 2015 жылға дейін республика халқын 20 млн-ға жеткізу қажеттігін баса айтып келеді. Міне, сондықтан да халықтың санын көбейтіп, құрамын нығайтатын, тарихи-демографиялық ғылым айқындаған екі жолды оң пайдалану керек:

- табиғи өсім
- сырттан келетін көші-қон

Табиғи өсімді күшейту үшін жастарға, әсіресе, жаңа отбасыларға, көп балалы аналарға, олардың жас ұрпақтарына өкімет тарапынан жан-жақты, нақтылы, тұрақты және жүйелі түрде қамқорлық ұйымдастырылуы қажет.

Ал **сырттан келетін көші-қонға келсек**, шетелдердегі қазақтарды елге қайтару үшін де мұнан да күрделі шаралар іске асса жөн болар еді. Мүмкіндігінше квотаны шектемей, егер оны алып тастауға, болмаса, қазақтар тұрған шет мемлекеттермен дипломатиялық жолмен көші-қон үрдістерін жеңілдетіп, тездету, ал көшіп келгендер үшін барлық жағдайларды жасау керек. Қазақ халқына тарих берген осындай мүмкіндіктерді толық және уақытында пайдаланып, елдің санын көбейтіп, қатарын нығайта түсіп, өркениетті қауымда өз орнымызды алғанымыз жөн. (8)

1. Елбасымыз 2015 жылға дейін республика халқын 20 млн-ға жеткізу бағытына сай жанұядағы бала санын көбейту. Атақты демограф М.Тәтімов біздің халқымыздың өсуіне әрбір шаңырақтың төртінші перзенті ғана жағдай жасай алады дейді. Оны былай түсіндірген: бірінші бала егер ұл болса әкесінің орнын, екінші бала, егер қыз болса, шешесінің орнын ғана басады. Ал үшінші бала халықта болып жатқан әр түрлі шығындардың орнын толтырады, яғни, бұл үш баладан халықтың саны не өспейді, не кемімейді, тек төртінші бала ғана халықтың өсіміне бірақ сан қосады деген екен. (9)

2. Көшіп келгендер үшін барлық жағдайды жасау.

3. Облысымыздағы үкімет тарапынан бөлінген медициналық техникаларды дұрыс жүзеге асыра білу. Білгір мамандардың (дәрігерлердің) санын жетілдіру.

4. Өлкеміздегі басқа ұлт өкілдеріне байланысты ынтымақтастық барысында қор ұйымдастыру.

Әдебиеттер:

1. Увалиев Т.О. Халықтар географиясы, Алматы, 1997, Б.9-13
2. М.Тәтімов «Қазақстанның демографиялық ахуалы» // Қазақстан Заман газеті 22наурыз 2002 жыл
3. Қазақстанның демографиялық жылнамасы / Астана, 2007

4. Ә.Ғали Қазақстан демографиясы: сарап һәм болжам «Парасат» журналы / 2003-№10 25-276
5. М.Белгібаев Қазақстан халқының өсуі мен кемуі туралы «География және табиғат» журналы / 2007/4 5-6б
6. Қ.Қазанғапова Қазақстан Республикасының демографиялық мәселелері «География және табиғат» журналы / 2004/3 42-44б
7. Х.Сағын «Қиялдағаннан қазақ көбеймейді» // Ана тілі газеті 11 тамыз 2005жыл
8. Б.Көккесенеұлы «Жиырма миллионға жетуге мүмкіндік мол» // Қазақ елі журналы 21 қаңтар 2004 жыл
9. М.Асылбек «Қазақстан халқы қалай өсуде» Парасат журналы 12 ақпан 2006 жыл